

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федеральды Кеңесінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 мамырдағы N 937 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 12 мамырда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федеральды Кеңесінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Швейцария Тарабына хабарласын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федеральдық Кеңесі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі КЕЛІСІМ

(Келісім 1997 жылғы 1 шілдеде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 2, 11-құжат)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Жақтар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федеральдық Кеңесі, екі елдің экономикалық дамуы үшін сыртқы сауда мен экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі формаларының ерекше маңызды екенін түсіне отырып;

1975 жылғы 1-тамызда Хельсинкиде қол қойылған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің /СБСЕ/ Қорытынды актісінің және де СБСЕ-ның басқа да құжаттарының, атап айтқанда, жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясының принциптері мен шарттарына және Еуропадағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Бонн кеңесінің сәйкес сауда-экономикалық қатынастарын ұлғайтудың жолдары мен құралдарын іздестіруде ынтымақтастыққа әзір екендіктерін білдіре отырып;

өздерінің арасындағы сауданы айтарлықтай және үйлесімді түрде дамыту және диверсификация үшін және өзара мүдделілік туғызатын салалардағы сауда және экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін қолайлы жағдайлар туғызуды

к о з д е л г е н

т і л е к п е н ;

өздерінің қатынастарын дамыту мен тереңдете түсу мүмкіндіктерін кез келген тиісті фактор тұрғысынан қарастыруға және оларды осы келісімде көзделмеген салаларға дейін кеңейтуге әзір екендіктерін жариялай отырып;

заңдылықты, адам құқыларын, оның ішінде азшылық қатарына жататын адамдар құқыларын сақтауға, негізгі бостандықтарға және нарықтық экономикаға негізделген плюралистік демократия принциптерін ұстанатын адам екендіктерін тағы да қуаттай к е л і п ;

Өздерінің сауда қатынастарын тарифтер мен сауда жөніндегі Бас Келісімнің /ГАТТ/ негізгі принциптеріне сәйкес дамытуды ұйғарып;

Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің /ГАТТ/ Уағдаласушы Жағы ретіндегі Швейцария Федеральдық Кеңесінің мәртебесін /статусын/ және Қазақстан Республикасының ГАТТ шеңберіне байқаушы ретінде қатысып отырғанын атап к ө р с е т е к е л і п ;

Жоғарыда баяндалғандарды негізге алып, осы Келісімді жасасуға ұйғарды:

1-бап

Мақсат

1. Бұл Келісімнің мақсаты мемлекеттер арасында тауарлармен сауда жасауды және экономикалық қатынастарды жүзеге асырудың құқылық негізін жасау болып табылады, Атап айтқанда, Уағдаласушы Жақтар тиісті заңдар мен міндеттемелер шеңберінде өзара сауданы, сондай-ақ сауда және экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі формаларын үйлесімді дамытуға міндеттенеді.

2. Уағдаласушы Жақтар СБСЕ белгілеген принциптер осы Келісімнің мақсаттарына жетудің негізі болып табылатынын мойындайды.

2-бап

ГАТТ

Уағдаласушы Жақтар принциптеріне сәйкес сауданы дамытуға, ұлғайтуға және диверсификациялауға, атап айтқанда, кемсітпеу және өзара мүдделілік принциптеріне қатысты істерге жәрдемдесу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

3-бап

Мейлінше қолайлы жағдай жасау тәртібі

1. Уағдаласушы Жақтар тауарлар импортына немесе экспортына, ия болмаса соларға байланысты салынатын кез келген кедендік баж салықтары мен алымдар жөнінде, сондай-ақ импортталатын тауарлардан тікелей немесе жанамалап алынатын

салықтар немесе басқа да алымдар жөнінде, сол сияқты мұндай алымдарды, салықтарды және баж салықтарын алудың әдістері жөнінде және саудаға байланысты ережелер мен атқарылатын ресми істер жөнінде бір-біріне мейлінше қолайлы жағдай жасап беріп отыруға міндеттенеді.

2. 1-параграф мына төмендегідей мақсаттарды көздей отырып, қолайлы жағдайлар жасағанда Уағдаласушы Жақтың бірі Уағдаласушы екінші Жаққа қолайлығы басым жағдай жасауға міндетті деп түсіндірілмеуі тиіс:

- тендер бойындағы сауданы дамытуға жәрдемдесу мақсатында;
- ГАТТ-ың XXIV бабына сәйкес кедендік одақ немесе еркін сауда аймағын құру мақсатында немесе осындай одақ ия болмаса аймақ құрудың нәтижесіне байланысты;
- ГАТТ-қа немесе басқа да халықаралық келісімдерге сәйкес дамушы елдерге қолайлы жағдай жасап беру мақсатында.

4-бап

Кемсітпеу

Егер осындай тауарларды үшінші бір елдермен импорттауға немесе сондай тауарларды үшінші бір елдерге экспорттауға тыйым салынбаған болса немесе оған шектеулер жасалмаса, ондай жағдайда Уағдаласушы екінші Жақтың импорт немесе экспорт жасауына ешқандай да тыйым салынбайды немесе оған сан жағынан ешқандай шек қойылмайды, оның ішінде лицензиялауда да сондай тәртіп қолданылады. Мұндай шараларды енгізуші Уағдаласушы Жақ ол шараларды енгізгенде Уағдаласушы екінші Жаққа келетін нұсқаның мейлінше аз болуына күш салуға міндеттенеді.

5-бап

Ұлттық режим

Уағдаласушы Жақтардың бірінің елінен Уағдаласушы екінші Жақтың территориясына импортталатын тауарларға қолданылатын режимнің қолайлылығы ішкі салықтар мен басқа да ішкі алымдар жағынан және ол тауарларды ішкі рынокта өткізуге, сату, сатып алу, тасымалдау, бөлісу немесе пайдалану үшін ұсынуға ықпал жасайтын барлық заңдар, ережелер және талаптар жағынан сол елдің өзінде қолданылатын режимнің қолайлылығынан кем болмауға тиіс.

6-бап

Төлемдер

1. Егер дара келісім-шарттар жасасқан жақтар бұдан басқаша келісімге келмесе бұл елдер арасындағы тауарлармен сауда жасаудың және қызмет көрсетудің төлемдері еркін конвертирленетін валюта арқылы жүзеге асырылады.

2. Кез келген Уағдаласушы Жақтың территориясында жасалған дара келісім-шарттар жөнінде қолданылатын режимнің қолайлылығы еркін конвертирленетін валютаға не қолайлы болу жағынан кез келген үшінші бір мемлекеттің территориясында жасалған дара келісім-шарттарға қолданылатын режимнің қолайлылығынан кем болмауға тиіс.

7-бап

Сауданың басқа да шарттары

1. Дара келісім-шарт жасасқан жақтар арасында тауарлармен сауда жасау рыноктағы бағалар бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, мемлекеттік агенттіктер мен мемлекеттік кәсіпорындар кез келген импорттық тауарларды тек қана сауда-саттық оймен, оның ішінде тауарлардың бағасын, сапасын және санын есептей отырып сатып алады немесе оларды экспортқа сатады. Олар сауданың жалпы жұрт жағынан практикасына сәйкес Уағдаласушы екінші Жақтың кәсіпорындарының бәсекелестік негізде осындай келісім-шарттар жасауға қатысуына тең мүмкіндік беруге міндеттенеді .

2. Уағдаласушы Жақтардың бір де бірі дара келісім жасаған жақтардан бартерлік немесе алыс-берістік сауда келісімдерін жасаумен шұғылдануды талап етпейді немесе ол жақтарды осындай іспен айналысуға итермелейді.

8-бап

Ақпараттарды еркін алу

Уағдаласушы Жақтар өздерінің жалпы сауда қызметіне байланысты заңдарын, ережелерін, сот шешімдерін және әкімшілік қаулыларын бір-біріне беріп, өздерінің тарифтік және статистикалық номенклатурасындағы кез келген өзгерістер жөнінде бір біріне хабардар етіп отыруға міндеттенеді.

9-бап

Рыноктағы тепе-теңдіктің бұзылуы

1. Егер қандай да бір өнім Уағдаласушы Жақтардың бірінің территориясына сол елдің өзінің осындай өнім немесе онымен тікелей бәсекелес өнім өндірушілеріне зиян келтірген немесе зиян келтіретіндей қауіпті өскелең мөлшерде немесе сондай шарттар негізінде импортталып жатса, Уағдаласушы Жақтар бір-бірімен консультация алысып, а қ ы л д а с а д ы .

2. 1-параграфқа сәйкес сұрастырылатын консультациялар өзара қанағаттандырылғыш шешімдерді іздестіру мақсатымен өткізіледі; егер Уағдаласушы Жақтар басқа бір шешім қабылдаса, бір консультациялар мүдделі Уағдаласушы

Жақтың өтініші туралы хабардар етілген күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей
а я қ т а л у ғ а т и і с .

3. Егер Уағдаласушы Жақтар 1-және 2-параграфтарға сәйкес іс-қимыл жасау үстінде келісімге келе алмаса, онда нұқсанға ұшыраған Уағдаласушы Жақтың тиісті өнімнің импортын зиянға жол бермеу немесе зиянның есесін қайтару үшін қажетті болатындай тиісті дәрежеде немесе сондай мерзімге шектеуге құқысы болады. Мұндай жағдайда Уағдаласушы екінші Жақтың Бірлескен комитеттегі консультациялардан кейін де осы Келісімге байланысты өз міндеттемелерінен ауытқып шығуға құқысы б о л а д ы .

4. 3-параграфқа сәйкес шараларды таңдау кезінде Уағдаласушы Жақтар бірінші кезекте осы Келісімді орындау барысында мейлінше аз нұқсан келтіретін шараларды қарастырады.

10-бап

Интеллектуалдық меншік

1. Интеллектуалдық меншіктің сауда және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу ісіндегі маңызын қарастырғанда Уағдаласушы Жақтардың өз заңдары интеллектуалдық меншіктің құқыларын толық және пәрменді қорғауды, атап айтқанда авторлық құқыны және онымен байланысты құқыларды, сауда белгілерін, географиялық белгілерді, технологияның барлық салаларындағы патенттерді, өнеркәсіптік талдамаларды, интегральды схемалардың топографиясын және ноу-хау жөніндегі құпия ақпаратты тең және пәрменді қорғауды қамтамасыз етеді.

Егер қандай да бір Уағдаласушы Жақтың ішкі заңдары мұндай қорғауды белгілеген болса, онда Уағдаласушы бұл Жақ мүмкіндігінше тез арада бірақ осы Келісім күшіне енгеннен кейінгі бес жылдан кешіктірмей өзінің заңдарына тиісті ережелер енгізеді. Атап айтқанда, Уағдаласушы Жақтар мына төменде аталған көп жақты конвенцияларды орындау үшін барлық шараларды қолданады:

а/ өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы 1883 жылғы 20 наурыздағы Париж конвенциясы /1967 жылғы Стокгольм Актісі/;

б/ әдеби және көркем суреткерлік жұмыстарды қорғау туралы 1886 жылғы 9 қыркүйектегі Берн конвенциясы /1971 жылғы Париж Актісі/;

в/ фонограммалардың және радиохабар тарату ұйымдарының орындаушыларын, өндірушілерін қорғау туралы 1961 жылғы 26 қазандағы халықаралық конвенция /Рим к о н в е н ц и я с ы / .

Бұдан зоры, олар осы конвенциялардың, сондай-ақ интеллектуалдық меншік құқыларын қорғау саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін көп жақты келісімдердің орындалуы үшін мүмкін болғанның бәрін істейді.

2. Уағдаласушы Жақтар интеллектуалдық меншік құқыларына нұқсан келтіруге

қарсы, атап айтқанда, алдамыш көшірме жасауға және авторлық құқықты бұзуға қарсы қолданылатын күштеу шараларының кемсітпейтін, адал және әділетті шаралар болатынына кепілдік береді. Бұлар қажетсіз күрделі және қымбатқа түсетін немесе уақыттың орынсыз шектелуіне ия болмаса дәлелсіз кешіктірілуіне әкеліп соқтырмайтын шаралар болуы тиіс. Бұл, атап айтқанда, соттардың тыйым салу шараларына, құқық иесінің ұшыраған зиянының есесін қайтару үшін оған тең өтемдер төлеу туралы шешімдерге, сондай-ақ уақытша шараларға қатысты.

3. Уағдаласушы Жақтар үйлесімді ету жөніндегі келісімнің күшіне сәйкес немесе интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін заңдарды немесе келісімді өзара мойындауға байланысты басқа мемлекеттердің азаматтарына берілген артықшылықтар жөнінде ағат пікірден аулақ бола отырып, Уағдаласушы екінші Жақтың азаматтарына қолайлы жағдай режимін жасайды; ол қандай да бір үшінші елдердің азаматтарына жасалған қолайлылық режимінен кем болмауға тиіс.

11-бап

Ерекше жағдайлар

1. Мұндай шаралар Уағдаласушы Жақтар арасындағы сауданы өз еркінше кемсідудің немесе жымысқы түрде шектеудің құралы болмауға тиіс екендігі туралы талапқа сәйкес бұл Келісім Уағдаласушы Жақтардың әрқайсысының:

- қоғамдық моральға;

- адамдардың, жануарлардың және өсімдіктердің өмірі мен тіршілігін және денсаулығын қорғауға және де айналадағы ортаны қорғауға;

- интеллектуалдық меншікті қорғауға;

- немесе ГАТТ-ың XX-бабына сәйкес қандай да бір басқа шараларға негізделген дәлелді шаралар қабылдауын жоққа шығармайды.

2. Бұл Келісім Уағдаласушы Жақтардың бір де бірінің ГАТТ-ың XXI бабы ережелері негізінде дәлелді болатын қандай да болсын іс-қимыл жасау құқысына шек қоймайды.

12-бап

Қайта қарау және кеңейту

1. Уағдаласушы Жақтар өздерінің біреуінің өтініші бойынша осы Келісімнің ережелерін қайта қарауға келіседі. Мұндай қайта қарау, атап айтқанда, қорғау дәрежесін одан әрі жақсарту және интеллектуалдық меншік құқықтарын жүзеге асырудан саудада туған қиғаштықтарды жою немесе түзету мақсатымен интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау туралы ережелерге қатысты болуы
м ү м к і н .

2. Уағдаласушы Жақтар осы Келісім бойынша белгіленген қатынастарын дамытып тереңдете түсуге және оларды осындай көзделмеген қызмет көрсету және инвестициялау сияқты салаларға дейін кеңейтуге өздерінің әзір екендіктерін мәлімдейді. Уағдаласушы Жақтың әрқайсысы бірлескен комитетте қарау үшін осы мәселе бойынша дәлелді өтінімдер бере алады.

13-бап

Экономикалық ынтымақтастық

1. Уағдаласушы Жақтар өзара мүдде туғызатын салалардағы экономикалық ынтымақтастықты ынталандырып демеп отыру үшін күш-жігер жұмсайды.

2. Мұндай ынтымақтастықтың мақсаттары басқаларын қоса алғанда мына төмендегілер болып табылады:

- мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту және диверсификациялау;
- экономиканы дамытуға жәрдемдесу;
- берудің жаңа көздерін және жаңа рыноктарды ашу;
- бірлескен кәсіпорындарға, лицензиялық келісімдерге және осы сияқты ынтымақтастық формаларына көрсету мақсатымен экономикалық сектор жетекшілері арасындағы ынтымақтастықты ынталандырып отыру;
- экономикадағы құрылымдық өзгерістерді тереңдетіп, сауда саясаты мәселелерінде Қазақстан Республикасына қолдау көрсету;
- шағын және орташа кәсіпорындардың саудаға және ынтымақтастыққа қатысуын ынталандырып отыру;
- интеллектуалдық меншік саласындағы ынтымақтастықты, айта кетсек, Уағдаласушы Жақтардың тиісті, өкімет органдары арасындағы техникалық көмектің қолайлы болатын формаларын белгілеу жолымен дамыту және тереңдету, және осы мақсатта өзінің күш-жігерін тиісті халықаралық ұйымдармен үйлестіріп отыру.

14-бап

Бірлескен комитет

1. Бірлескен комитет осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен құрылады. Комитет Уағдаласушы Жақтардың өкілдерінен құрылады және өзара Келісім бойынша іс-қимыл жасайды. Комитеттің мәжілістері қажетіне қарай әдетте жылына бір рет кезектесіп Қазақстан Республикасында және Швейцарияда өткізіледі. Комитетті мәжіліс өткізетін Уағдаласушы Жақтың өкілі басқарады.

2. Бірлескен Комитет атап айтқанда:

- осы Келісімнің орындалуын, атап айтқанда, оның ережелерінің түсіндірілуі мен қолданылуын және оның қолданылу саласының кеңейтілу мүмкіндіктерін бақылайды;

- Уағдаласушы Жақтардың территориясында құрылған фирмалар арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға арналған жағдайларды жақсарту тәсілдерін зерттеп отырады;

- Уағдаласушы елдер арасындағы проблемаларды шешу мақсатымен консультациялар өткізуге арналған форум қызметін атқарады;

- Уағдаласушы елдер арасындағы саудамен байланысты және оған ықпал ететін мәселелерді қарайды;

- Уағдаласушы елдер арасындағы сауда мен ынтымақтастықтың даму барысын байқап отырады;

- саудаға қатысты ақпараттар мен болжамдар, сондай-ақ 8-бапқа сәйкес (ақпаратты еркін алу) ақпараттар алмасуды жүзеге асырады;

- 9-бапқа (рыноктағы тепе-теңдіктің бұзылуы) сәйкес консультациялар өткізілу үшін форум қызметін атқарады;

- интеллектуалдық меншік құқылары саласындағы екі жақты мәселелерге және халықаралық талдамаларға қатысты консультациялар өткізуге арналған форум қызметін атқарады; мұндай консультациялар сонымен қатар Уағдаласушы Жақтардың мамандары арасында да өткізіліне алады;

- жаңа жағдайларды ескеру мақсатында осы Келісімге арналған түзетулерді, сондай-ақ 12-бапқа (қайта қарау және кеңейту) сәйкес осы Келісімнің іс-қимылына және қолданылу аясының кеңейтілуіне байланысты ұсыныстарды әзірлеп Уағдаласушы Жақтардың өкімет органдарының қарауына ұсынады;

- 13-бапқа сәйкес экономикалық ынтымақтастықты дамытады.

15-бап

Территориялық қолданыс

Лихтенштейн елі әзірге кедендік одақ туралы шарт бойынша Швейцария Федеральдық Кеңесі мен байланысты болып отырғанда осы Келісімнің күші Лихтенштейн Князьдігінің территориясында да қолданылады.

16-бап

Күшіне енгізу

Бұл Келісім екі жақ бір-бірін осы келісімді күшіне енгізу жөніндегі өздерінің конституциялық немесе басқа заңдық талаптарды орындағаны туралы дипломатиялық жолмен хабардар еткен айдан кейінгі келесі айдың бірінші күні күшіне енеді.

17-бап

Қолданылуын тоқтату

Бұл Келісім Уағдаласушы Жақтардың бірі Уағдаласушы екінші Жақтан келісімнің күшін жоятыны туралы жазбаша хабар алғанға дейін күшінде қала береді. Ондай жағдайда Келісімнің қолданылуы Уағдаласушы екінші Жақтың жазбаша хабары алынған күннен бастап 6 айдан кейін тоқтатылады. Бұл Келісімнің қолданылуын тоқтату осы келісім қолданылған кезде экономикалық қызмет субъектілері арасында жасалған келісім-шарттардан туындайтын міндеттердің орындалуы үшін атқарылатын жауапкершілікті жоймайды.

Бұл Келісімге мұны куәландырып төменде қолдарын қойған, бұл мақсат үшін тиісінше өкілдік алған өкілетті өкілдер қол қойды.

1994 жылғы 12 мамырда Алматы қаласында қазақ, француз және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық дана етіп жасалды. Өртүрлі түсінік туа қалған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алу қажет.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Швейцария Федеральдық
Кеңесі үшін